

Мектептегі мерекелер

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

А. Куанышбекова, Д. Абеуова. Азаттықтың ақ таңы.....	3
Ә. Қорғасбекова. Тәуелсіздік – ел тірегі, мақтанышы, мерейі.....	6
Т. Талдыбай. Тәуелсіз ел Ұланы.....	8
Г. Нұрғабиева. Тәуелсіздік – ата-бабам аңсаған!.....	12
М. Даулетказина. «Жігіт сұлтаны» байқауы	14
Ж. Суханова. Арғы атаң – атақты Әбілқайыр.....	17
А. Қалдаулетова. Ұстаз – ұлы тұлға	20
А. Қуандықова. Киелі киіз үйдің шаңырағы.....	25
А. Абдуалиева. Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадаға оқушы дайындау	28
Т. Отынчиева. Домбыра дастаны.....	32
Р. Қартбайқызы. Атадан ұлағат – анадан ғибрат	35
Т. Калембекова. Қош бол, сүйікті Әліппем!.....	37
А. Сержан. Менің ғажайып әлемім	39
А. Амангелді. Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ	40
Н. Бақыт. Ғажайып әлем	41
А. Талғат. Адал адам.....	42

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«ПЕДАГОГ LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.


Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
25.12. 2024 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-көңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.



АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
әл-Фараби атындағы
№145 мектеп-гимназия
директорының тәрбие
жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

**Қоңырбаева Сараш
Сахиқызы** – әл-Фараби
атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің
қауымдастырылған
профессоры, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

**Атабекова Бақытгүл
Ботабекқызы** – PhD,
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы. Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.



Азаттықтың ақ таңы

Мақсаты: оқушыларға Желтоқсан оқиғасының мәні мен мағынасын түсіндіре отырып, тәуелсіздік үшін, еліміздің болашағы мен келер ұрпақ үшін жанын қиған азаматтардың ерлігі, қайсарлығын, көрген қиыншылықтары туралы мәлімет беру. Оқиға мәнісін түсіндіре отырып, тәуелсіз елдің қол жеткен табыстарын, рухани еркіндігін, адам құқығы мен бостандығын дәріптеу. Отанды сүйуге, өз елін қорғауға, туған елді көркейтуге тәрбиелеу.

Барысы.

1-жүргізуші: Дүниені дүр сілкіндірген, тәуелсіздік туын ең алғаш көтерген әйгілі Желтоқсан оқиғасы туралы шындықты білмейтін жан жоқ десе болады. Желтоқсан оқиғасы — мәңгілік тарих. **Көрініс.** «Жастардың алаңға шығуы».

2-жүргізуші:

Өсер ұлдың қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,

Лаула, лаула желтоқсанда мұзға жаққан алауы

Өздеріндей өр намысты жас өркені бар елдің,

Ешқашанда еңкеюге тиіс емес жалауы. (Мұхтар Шаханов)

1-жүргізуші: Сол кездегі үкімет басшыларының бұйрығымен күш көрсетілді. Көптеген жастар түрме-

ге камалды. Оларға желтоқсанның ызғарлы күнінде зәбір көрсетілді. Өз елінің тәуелсіздігін талап етіп шеруге шыққан жастарға «бұзақылар», «ұлтшылдар», «нашақорлар» деген кінә тағылды.

«Қасқалдақ» әні орындалады.

1-оқушы:

Нашақор деп, ұлтшыл деп,
Қазаққа күйе жаққан күн.
Базары кетіп бір күнде,
Қайғыға халық батқан күн.

2-оқушы:

Әділдікпен шындықты,
Өтірік жала жапқан күн.
Надан жасаған сұмдықтан,
Адамдар азап шеккен күн.

3-оқушы:

Қасқалдақ ұшып көлінен,
Шүрегей келіп қонған күн.
Қыранды қуып көгінен,
Қарғалар билік алған күн.

4-оқушы:

Қақап күннің ызғары,
Сүйектен өтіп кеткен күн.
Қаракөз қазақ қыздарын,
ОМОН-дар бастан тепкен күн.

5-оқушы:

Қариялар итке таланып,
Ер басын күрек шапқан күн.
Аппақ қар қанға боялып,
Қып-қызыл мұз боп жатқан күн.

6-оқушы:

Жауыздықты жасаған да — Желтоқсан,

Жаңа ғұмыр бастаған да — Желтоқсан.

Жазықсыздың көз жасына жуынып,

Абақтыға тастаған да — Желтоқсан.

7-оқушы:

Озбырлық күшпен тұншығып,
Үміттің оты өткен күн.

Жанына таппай бір шындық,
Ер Қайрат қыршын кеткен күн.

8-оқушы:

Әсте есте шығармайды жыр
мұны,

Айтады оны домбыраның күмбірі.

Аты аталса күрсіндірер жылатып,
Желтоқсандық азамат пен құрбыны

Жатыр бүгін Мойынқұмның
бауырында,

Қара өлеңнің ерте солған бір гүлі.

9-оқушы:

Міне осындай Желтоқсанның
желімен,

Кетті ерлер, солар үшін егілем.

Қыршындарым қанатынан қыр-
қылған,

Айырылды қыз жігіттер теңінен.

10-оқушы:

Желтоқсанның желі, аязы, ызға-
ры,

Қанды мұзда талай қазақ сызда-
ды.

Ұлт қамы үшін шыққан сол күн
алаңға,

Азап шекті қайсар қазақ қыздары.

11-оқушы:

Талай қазақ қыздарын да тонды-
ра,

Талай қазақ гүлдерін де солдыра,
Ел билеуге алып келді Колбинді
Қазақ ұлы Қонаевтың орнына.

12-оқушы:

Егемендік — бұл елімнің елдігі,
Егемендік — барлық ұлттың тең-
дігі.

Егемендік — елін, жерін қорғаған,
Ербол менен Қайраттардың ерлі-
гі.

13-оқушы:

Желтоқсаным — тәуелсіздік тіре-
гі,

Желтоқсанды қадір тұтып тұр елі.
Есте сақтап ағалардың ерлігін,
Жүректерге сақтау керек үнемі.

«Желтоқсан» әні орындалады.

14-оқушы:

Тарих куә өткен менен кеткенге,
Ұлтым деген ұл-қыздардың еңбе-
гі

Көркеюмен осы күнге жеткенге
Өткен күндер тарих болып бара-
ды,

Еске алсаң мұнды әуенге сала-
ды.

Елі үшін еңірегген әрбір жан
Ұмытылмас, ел есінде қалады.

2-жүргізуші: Құрметті ата-аналар,
ұстаздар, оқушылар! Осы бір сәтте
қазақ елінің еркіндігі, бостандық
жолына бас тіккен азаматтар, ту-
ған елінің тәуелсіз мемлекет болға-
нын көре алмай өткен Желтоқсан
батырларының рухына тағзым етіп

еске алу — парызымыз. Құрбандарға арнап бір минуттық үнсіздік жариялаймыз.

«Желтоқсан желі» әні орындалады.

15-оқушы:

Серпіп бұлтты басқан елдің болмысын,

Туды күнім әділетті, арлы шын.

Алыс жолдан зарықтырып, шаршатып,

Келдің бе сен,

Азаттығым, армысың!

16-оқушы:

Тәуелсіздік — елімнің шамшырағы,

Тәуелсіздік — халқымның бәйге пырағы.

Тұрақты болсын, қуатты болсын әрқашан,

Шырағы мен пырағының тұрағы.

17-оқушы:

Шамшырағы енді қайтіп сөнбесін,

Жүйрік пырақ енді қайтып өлмесін.

Адымы еркін ашылсын елім алшаңдап,

Енді ешкімнің байлауына көнбесін.

2-жүргізуші:

Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген,

Жөргегімде таныстым мұң тілімен.

Жылағанда жүрегім күн тұтылып,

Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

1-жүргізуші:

Мен қазақпын, биікпін, байтақ елмін,

Қайта тудым, өмірге қайта келдім.

Мен мыңда бір тірілдім мәңгі өлмеске,

Айта бергім келеді айта бергім.

2-жүргізуші:

Атыңнан айналайын егемен ел,

Тәуелсіз күнің туды, кенеле бер.

Мерейің құтты болсын, Қазақстан!

Ғасырлар тойы болшы келе берер!

1-жүргізуші: Тәуелсіздік алған 20 жылға қысқаша шолу жасайықшы. Өткен жылдар қандай ерекшеліктерімен есімізде қалды? Сол туралы ойымызды ортаға салсақ.

«Атамекен» әні орындалады.

2-жүргізуші: Тәуелсіздік — сәті түскен бүгінгі күн,

Қосыңыз әрқайсыңыз жақсы бір үн.

Сырласып отырайық, ән салайық,

Мауқымыз басылғанша осы бір күн.

Қорытынды.

Айман Ғазезқызы

КУАНЫШБЕКОВА,

Дидар Темірбайқызы АБЕУОВА,

№26 жалпы орта білім беретін

мектептің мұғалімдері.

Семей қаласы,

Абай облысы.

Тәуелсіздік – ел тірегі, мақтанышы, мерейі

Мақсаты: оқушыларға тәуелсіздіктің қалай келгенін түсіндіру, туған елді сүйуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: дәйектеме сөздер. «Қазақстанның ең қастерлі құндылығы — ел тәуелсіздігі»

1-жүргізуші: Тәуелсіздік күні — тарихи маңызы зор мереке. Міне, сол тәуелсіздігімізге 33 жыл!

2-жүргізуші: Тұңғыш рет қазақ халқының көп азап шеккен сан ғасырлық тарихында өзінің тәуелсіз мемлекетін құру мүмкіндігі пайда болды.

1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңға қол қойылды. Азаттықтың ақ таны атты.

1-оқушы:

Күлтегіннің тасындағы Азаттық,
Күлтемірдің басындағы Азаттық!
Тебінгіме тер боп қатқан Азаттық!

Кегім міне, шер боп қатқан Азаттық!

2-оқушы:

Байрағымның басында тұр, Азаттық!

Бәйге атымның қасында тұр, Азаттық!

Ойлы ақынның жүрегінің түбінде,

Қайратымның жасында тұр Азаттық.

1-жүргізуші: Тәуелсіздікке қол жеткізген Мемлекетіміздің рәміздері — туы, елтаңбасы, әнұраны, Ата заңы бар.

3-оқушы:

Халқым менің қоштаған,
Әнұраным — асқақ ән,
Үнін, тілін ұғамын,
Тым ерекше басқадан.

Әнұран орындалады.

4-оқушы:

Аспандай көгілдір,
Елімнің жалауы.
Күні тұр төгіп нұр,
Жалындап алауы.
Байрағым — айғағы
Елдіктің, ерліктің.
Қыраны — айбары
Еркіндік, өрліктің.

5-оқушы:

Күн сынды өрдегі,
Жүрекке құйып нұр.
Жалтылдап өрнегі,
Асқақтап биік тұр.
Көк туым — байрағым,
Тұрса өрде желбіреп,
Желкілдеп айдарым,
Қараймын елжіреп.

6-оқушы:

Елтаңбамыз — айбарым,
Жадыратып аймағын.
Қос қанатты пырағым,
Желкілдеткен айдарын.
Байрағым бар көгілдір,
Күміс күні төгіп нұр.

Көкте самғап қыраны,
Шартарапты шолып жүр.

7-оқушы:

Түбі бір түгел сөздің түп атасы —
«Майқы би» деп басталған сөздің
басы.

Шығарған Майқы биін жарғыла-
рын,

Қолдаған кезінде елдің кәрі-жа-
сы.

8-оқушы:

Қол жетті ел дербестікке арман
қылған,

Ата Заң қабылданды халықшыл
заң.

Тілім тұр онда айтыста әділ жеңіп,
Мәртебеге мемлекеттік ие болған.

9-оқушы:

Қорғалар елім тұтас, жерім бүтін,
Қол сұғып ешкім сырттан айтпас
үкім.

Заңда айқын міндеттерім, құқық-
тарым,

Ақтайтын ел үмітін, ана сүтін.

10-оқушы:

Қақ жарған қара қылды Ата За-
ңым,

Өзіңнен әр іске ақ бата аламын.

Жолыңнан сенің әділ ауытқыса,

Кешірім кім де болса жасамаған.

1-жүргізуші: Қанша тәуелсіздік
десек те, көз алдымызға Желтоқсан
көтерілісі келеді. Бұл — тарих. Адам-
заттық ақ туын аңсаған жастардың
батыл қадамы елдің саяси өміріне
өзгеріс әкелді. Осы күнге жетуімізге
себеп болды.

11-оқушы:

70 жыл бодан болған қайран қа-
зақ,

Көтерген соншалықты ауыр азап,
Қазақтың ерлерінің арқасында
Атандық Тәуелсіз ел, болдың азат.
Қайраттай ерлерім бар, батыр
Ләззат,

Жастарға үлгі болған сондай ға-
жап,

Еліме Тәуелсіздік алып берді,

Көрсек де қинау мен ауыр азап.

12-оқушы:

Елімді құтқарам деп бодандық-
тан,

Ерлерім бас көтерді жүрек жұт-
қан.

Аруағына ерлердің бас иеміз,

Тәуелсіз елі үшін жанын қиған.

Тендік алды мінеки, қазақ елі,

Қазақстан ел болды егеменді.

Бодандықтан құтылып, азат бол-
дың,

Жайнай берсін Тәуелсіз қазақ
жері!

2-жүргізуші: Тәуелсіздік күнін
тойлау — патриотизмді дәріптеп,
мемлекет тәуелсіздігін нығайта тү-
суге септігін тигізу. Себебі Қазақ елі
үшін қасиетті ұлттық мереке бар, ол
— Тәуелсіздік күні! Көк Туымыздың
көкте желбірейтін күні.

*«Көк тудың желбірегені» әні орын-
далады.*

**Әсем Нұрсәулеқызы
ҚОРҒАСБЕКОВА,**

**№49 орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі.**

**Сарыөзек кенті,
Кербұлақ ауданы,
Жетісу облысы.**

Тәуелсіз ел Ұланы

ҚР Әнұраны шырқалады.

1-оқушы:

Егемендік иесі — «мен» деген сөз,
Көптен бері естілмеген ерен сөз.
Екі тізгін бір шылбырын өзі алған,

Көркем жігіт болып өссе көген көз.

2-оқушы:

Егемендік — ел болудың белгісі,
Басқа жұртпен тең жұлдызы, тең күші.

«Егемендік» деген сөзден естілер,
Ата жұрттың арғысы мен бергісі.

- Құрметті ұстаздар, ата-аналар!
Бүгінгі «Тәуелсіз ел Ұланы» атты тәуелсіздік күніне арналған мерекемізге хош келдіңіздер!

- Тәуелсіздік оңай жолмен келген жоқ. Қазақ халқы бұл жолда талай «тар жол, тайғақ кешуден» өтті.

- Ендігі жерде сол бабалар алға апарар, тәуелсіздігіміздің тұғыры берік те, биік болғай.

- Біздің де алға қойған мақсатымыз, өткенімізді білетін, бүгінді түсінетін, ертеңімізге сеніммен қарайтын азамат болу.

Қойылым «Ел тарихы».

(Ақырын басып қарт шығады, орындыққа келіп, демалып отырады. Немерелері шығады)

Немересі: Ата, не ойлап отырсыз?

Атасы: Ә, балам, атаң сендердің болашағыңды, өткен өмір жайлы ойлайды.

Немересі: Ата, өткен өмір жолы қандай болған?

Атасы: Тыңда, балам, сен де өз тарихыңды білуге тиіссің. Сонау ерте кезде ата-бабаларымыз қазақ руларының басын қосып, халық болып қалыптасуынан басталады.

18-ғасырда қуатты қазақ хандығын құрдық. Алайда қазақ елі тыныш, бейбіт өмір сүре алмады. Ұлан-байтақ жерімізге жан-жақтан көз тігіп, ойран салушылар көбейді.

2-немересі: Ата, мен айтайыншы. 1923-1933 жылдарда адам айтса нанғысыз ашаршылықта 6 миллиардтай адамның 2 миллионы опат болды.

3-немересі: 1941-1945 жылдардың қаралы оқтары қаншама адамның өмірі қиды. Ержүрек ұлдар мен қыздар Отан қорғауға аттанды.

1-немересі: «Әр ұлтқа өз көсемі сайлансын!» деген тілекпен бейбіт шеруге шыққан қазақ жастарына ұлтшыл деген айып тағылып, қаншама жасты қыршынынан қиған 1986 жылғы «Желтоқсан оқиғасы» тарих бетіне жазылды.

Атасы: Иә, балаларым, Тәуелсіздіктің көк туы желбіреген елімізде әрқашан бейбітшілік, бірлік болсын деп тілейік!

1-оқушы:

Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарқ ұрдың,
Желтоқсанда егеменді ел болсақ

деп талпындың.

Кеудеңде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның,

Айналайын, айналайын, жас өркені халқымның.

2-оқушы:

Желтоқсанның жан түршігер күндері,

Жалдап әскер аяушылық білмеді.

Бұрымынан сүйреп ару қыздарды,

Ал ұлдарды тоғытқан жер түрме еді.

Желтоқсан заман толғағы байтақ даланың,

Желтоқсан сәті үміт пен күдік даланың.

Желтоқсан — Қайрат, Ләззат пенен Сәбира,

Құрбаны болған жаланың.

3-оқушы:

Әр қазақтың есінде сақталады,

Желтоқсандық өрендер ақталады.

Ел намысын қорғаған сарбаздарым,

Ерліктерің мәңгілік сақталады.

4-оқушы:

Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,

Лаула, лаула Желтоқсанның мұзда жанған алауы.

Өздеріндей өр намысты жас өркені бар елдің,

Ешқашанда тиісті емес, еңкеюге Жалауы.

«Жасұландар маршы» хормен орындалады.

5-оқушы: Тәуелсіздігіміз жария-

ланғаннан кейінгі аз уақытта қайран қаларлық қаншама өзгеріс, оқиғалар болды. Ендеше, тәуелсіздіктің 25 жылдық шежіресіне ой жіберелік.

6-оқушы: 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы тұңғыш конституциялық заң жарияланды. Бұл еліміздің ешкімге тәуелсіз, дербес екенін дүние жүзіне әйгілеген аса қасиетті құжат болатын.

7-оқушы: 1992 жылы наурыз айында Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар ұйымына мүше болып кірді.

8-оқушы: 1992 жылы 4 маусымда Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесі мемлекеттік рәміздерімізді қабылдады.

9-оқушы:

Тәуелсіздік — сан ғасырлық тарихы бар,

Қазақстан — бұл азат ел, танысындар.

Көк байрағы, Елтаңба, Әнұранымен,

Қазақ елі егемен сан ұлты бар.

10-оқушы: 1993 жылы қарашаның 15-і күні жас мемлекетіміздің тарихында ерекше күн болып қалды. Осы күннен бастап ұлттық валютамыз — теңге айналымға енді.

11-оқушы: 1994 жылы Қазақстанның жаңа ордендері мен медальдары дүниеге келді.

1995 жылы 30 тамызда Ата заңымыз қабылданды. 1997 жыл Репрес-

сия құрбандарын еске алу жылы болып жарияланды.

12-оқушы: 1998 жыл Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп жарияланды. «Қазақстан – 2030» Даму стратегиясы жарияланды. 6 мамырда ел ордасы Астана қаласына көшірілді.

13-оқушы: 2000 жыл Мәдениет саласындағы басты оқиға «Қазақ хандығының бірінші астанасы» Түркістан қаласының 1500 жылдығы ЮНЕСКО деңгейінде мерекеленіп, тарих бетінде қалған жыл.

14-оқушы:

Рухы мен тілін жанындай сүйген,
Адамдар неге санаулы?

Ұлт үшін дәуір отына күйген,
Аталар болды алаулы.

Армандай асқар,
Жолдарға бастар,
Ісіңнен ұрпақ от алар.

Қалмайсың көштен,
Шықпайсың естен,
Тағдыры шыншыл аталар.

Көрініс. «Сұлтандар кеңесі».

(Керей сұлтан мен Жәнібек сұлтан сұхбат құруда, үйге бір топ ақсүйектер кіреді)

- Ассалаумағалейкум, ағалар.

- Уағалейкумсалам, төрлетіңіздер.

Ақсүйектер басшысы: Біз бір маңызды мәселемен келіп тұрмыз. Елді бей-берекетсіздік басып алды. Хан-екем соғыстарды үдетіп, салықты көбейтті. Әскери дайындықсыз, батырларды қудалау негізінде ойраттардан жеңілгені өздеріңіз-

ге мәлім. Бөлінетін кез келмеді ме екен?

Жәнібек: Иә, сөздеріңіз рас, ханның қаһарына жергілікті сұлтандар мен қарапайым халық та ілігіп отыр. Өз алдымызға ел болатын күн туды.

Керей: Бар қазақты біріктіретін уақыт келгенін халық та түсінді, соңымыздан ереді деп сенемін. Жәнібек: Елдігімізді сақтау үшін туған жерден жырақтауымызға тура келеді. Жетісуға жол тартсақ қайтеді?

Керей: Иә, көшсек көшейік. Сол жаққа көшіп барып, Ұлы жүзбен бірігейік.

Сұлтандар: Біз дайынбыз, бастаңыздар көшті. Біз сіздермен біргеміз.

Жәнібек: Ұзақ жолға шыққалы тұрмыз. Өзінің бір бата беріңіз.

Керей:
Жолыңды Алла қолдасын,
Жаманшылық болмасын.
Кетілмесін тұлпарыңның тұяғы,
Қайырылмасын сұңқарыңның қияғы.

Барған жерде құшақ жая қарсы алсын,

Жақсы адамдар, жайсаң жандар зиялы.

Жалпақ емес, жақсы жермен танысқын

Алла жебеп ұшқан құспен жарысқын,

Көңілің шат, ат-көлігің арымай,
Отбасыңмен аман-есен табысқын.

Әумин.

«Туған жер» әні орындалады.

15-оқушы:

Қазақстан гүлденді дараланып,
Жан-жағына қырандай қарап
алып.

Еліміздің еңсесін көтергендей,
Көпті көрген тарихты артқа тас-
тап.

16-оқушы:

Осы ғой еліміздің өскендігі,
Осы ғой бастан бұлттың көшкен-
дігі.

Бәрі де Елбасының білгірлігі.
Ешқашан шығармаймыз естен
мұны.

17-оқушы:

Қазағым көпті көрген көне ха-
лық,
Ту етіп ата арманын келеді алып.
Тендессіз бірлігімнің арқасында,
Жасайды Еуропаға төрағалық.

18-оқушы:

Мол байлық арқасында қазына-
ның,
Қосылмас енді айтқан сазыма
мұң.

Бақытқа ие болдық қол жетпе-
ген,

Кешегі Кеңес, Бүкіл Азияның!

19-оқушы:

Сыры бар ма айтшы, жұртым, се-
нен бүккен,

Даналық, қырағылық тереңдік-
пен.

Отыр ғой қол жеткізіп зор мақ-
сатқа,

Бұл күнді біз ғана емес, әлем күт-
кен!

20-оқушы:

Ерсін, сен! Ел тілеген тілегінді!
Кімнің кім екендігін жұртың біл-
ді.

Түсінді қазақ тұрғай, төрткүл дү-
ние,

Тыныштық үшін соққан жүрегің-
ді!

21-оқушы:

Қазақ едік түскен сансыз азапқа,
Еңсердік те жеттік бүгін ғажапқа.
Есігінен сығалатпас Еуропа,
Төрін өзі сыйлады ғой Қазаққа!

22-оқушы:

Күн шаңырақты күміс отау далам
бар,

Сүйсініңдер суретіне каранда,
карандар,

Туып-өскен Отаным — Қазақ-
стан,

Күлімдеп гүл жайнаған күн шы-
ғыстан.

23-оқушы:

Тәуелсіздік мәңгілікке сақтал-
сын,

Алдымызда барлық үміт ақтал-
сын.

Тату-тәтті бірлік болып қашанда,
Бейбіт өмір бар халықпен жақ-
талсын.

**«Егемен ел — Қазақстан» әні хор-
мен орындалады.**

Талшын Ернатқызы

ТАЛДЫБАЙ,

№169 мектеп-лицейінің бастауыш

сынып мұғалімі.

Алматы қаласы.

Тәуелсіздік — ата-бабам аңсаған!



**Гүлмира Қалыбекқызы НҰРҒАБИЕВА,
«Семей қаласының №37 гимназиясы»
КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі.**

**Семей қаласы,
Абай облысы.**

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушылардың Тәуелсіздік туралы білімдерін кеңейту;
2. Ойлау қабілеттерін, сөздік қорларын, сөйлеу мәдениеттерін дамыту шығармашылық қабілеттерін арттыру;
3. Отанды сүйуге, байлығын қорғауға, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Сабақтың әдістері: сұрақ-жауап, ой қозғау, топпен жұмыс, көрнекілік.

Сабақтың көрнекілігі: геометриялық фигуралар, суреттер, топтастыру сызбасы, тапсырмалар салынған конверттер, оқушылар шығармашылығы, сөзжұмбақ, бейнеролик.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. ҚР Мемлекеттік Әнұраны орындалады.

II. Қызығушылығын ояту.

Оқушыларға геометриялық фигуралар тарату арқылы топтарға бөліп алу.

Әр топқа ат беру үшін жасырын

мағлұматтар айтылады.

1. Жер көлемі 2717 мың шақырым, халқының саны 20 млн. шамасында тәуелсіз мемлекет.

I топ — Қазақстан.

2. дейміз от жаққан жерімізді,

..... дейміз қуатты елімізді.

..... дейміз туған жер, атамекен,

Биік тау, орман, тоғай, көлімізді.

Өлең шумағында жазылмай кеткен сөздерді табу.

II топ — Отан.


3. Қазақстандағы ең ұзын өзеннің бойында орналасқан көне шаһар, Ұлылардың мекені, Елбасының өзі «рухани мәдениеттің орталығы» деп бағалаған, қонақжай халқы бар ел.

III топ — Семей.

4. «Шифр шешу» ойыны. 10-6
2+5 6+4 7-2 2+8 10-4

10	4	7	5	10	6
Н	А	С	А	Т	А

III топ — Астана. Сөзжұмбақ шешкізу.



1. Рәміз; 2. Қазақтың ханы; 3. Жыл басы; 4. Киелі сан; 5. Бұрынғы астана; 6. Ресей халқы;

7. Алып жануар; 8. Қасиетті ай; 9. Мұз айдыны; 10. Жыртқыш құс; 11. Қазақстан қаласы.

Топтастыру сызбасы «Тәуелсіздік».

Тәуелсіздік — ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні — ең қастерлі күн. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Осы жылдар ішінде елімізде қыруар істер атқарылды. Атап айтсақ тарихи жеріміздің шекарасы халықаралық шарттарға сай бекітілді. Мемлекеттік рәміздеріміз, Ата заңымыз, ұлттық валютамыз және Сарыарқаның кең жазық даласында барша елді өзінің тез көркейіп өсуімен таң қалдырып, жаңа

Астанамыз дүниеге келді. Әлемдік қауымдастық алдында «Қазақстан Республикасы» деген асқақ рухты елдің бар екенін мойындаттық. Ел экономикасы да жылдан-жылға нығайып, мәдени, рухани даму деңгейі белеске көтерілуде. Өзіне тән барлық институттары бар, әлемдік қауымдастықтың ықпалды мүшесі болып табылатын тәуелсіз мемлекет құрылды.

Жыл сайынғы ел Президентінің халыққа арналған Жолдаулары мен қабылданған мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялық бағыттардың барлығы да қарапайым халықтың тұрмысын жақсартып, тәуелсіздігімізді нығайтуға бағытталды.

Біз білсек қазір қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманда өмір сүріп жатырмыз. Бұл кез келген мемлекеттің жете бермейтін жетістігі. Бұл «Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының сан ғасырлық аңсаулы асыл арманы еді.

Ендеше, бізді осы күнге жеткізген, ұлттық қасиетіміз бен ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, ұлттық намысымызды оятқан, әлемге қазақты рухы биік, намысы берік халық ретінде танытқан Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын!

II. Топтармен жұмыс.

1. Әр топ аттарына топтастыру сызбасын құрастырады.

«Қазақстан» «Отан» «Семей» «Астана»

2. Әр топ Қазақстан, туған жер,

Астана, Отан туралы өлеңдер оқиды.

3. Оқушылар өздері шығарған өлеңдерін оқиды.

4. «Кубизм» әдісі арқылы төрт топқа сұрақтар беріледі.

- Қазақстанның жер көлемі қандай және дүние жүзі бойынша нешінші орында?

- Қазақстанның Мемлекеттік Әнұраны қашан қабылданды?

- Қазақстанның Мемлекеттік Туының авторы кім?

- Қазақстанның Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасы қашан қабылданды?

- Елімізде қандай пайдалы қазбалар бар?

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының авторы кім?

- Әнұранның авторлары кімдер?

- Қазақстан қандай мемлекеттермен шектеседі? (Картамен жұмыс)

5. Әр топтан «Тәуелсіз Қазақстан» туралы шығармалар оқылады.

6. Әр топ «Менің Қазақстаным» тақырыбында салып келген суреттерін қорғайды.

7. Ойын «Қайсы қай мемлекеттің астанасы?» Астаналардың аты жазылған қағаздағы туған жер, Отан туралы мақалдарды аяқтап мемлекеттің қасына апарып қою қажет.

Қорытынды.

«Жігіт сұлтаны» байқауы



**Мадина Алдабергеновна ДАУЛЕТКАЗИНА,
Жайсан орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.**

**Жайсан ауылы,
Шу ауданы,
Жамбыл облысы.**

Мақсаты:

1. Ата салтын насихаттай отырып, нағыз қазақ жігітінің бойындағы қасиеттерімен таныстыру;

2. Әр баланың бойындағы қабілеттерін: ойлау, әр түрлі жағдайлардан шыға білу, өнерін көрсету, тапқырлық, сахна мәдениетін қалыптастыру, дамыту;

3. Ата салтын ардақтайтын, өз елін сүйер нағыз қазақ жігітінің қасиеттерін бойына сіңіре білер ұрпақты тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер мен нақыл сөздер, мақал-мәтелдер.

Барысы:

1-жүргізуші:

- Қайырлы күн, құрметті ұстаз-

дар мен ата-аналар және оқушылар! Бүгін бойында өршіл рухы бар, парасатты жігіттер арасында «Жігіт сұлтаны» байқауы өткелі отыр.

2-жүргізуші:

Нағыз қайсар жігітті,
Нағыз бұлбұл жігітті,
Нағыз дүлдүл жігітті,
Анықтайтын кез келді.

1-жүргізуші:

Қайсысы әнші, кім биші,
Талабына қарайық.
Кімдер зерек, кім жылдам,

Таланттарын табайық! - деп, «Жігіт сұлтаны» байқауына қатысушы жігіттерімізді ортаға шақырайық! Қарсы алыңыздар!

2-жүргізуші:

Өрендерге бақ тілеп, қуанышқа бөлейтін,

Сезімтал мен зерегін таразылап көретін.

Таныстырсақ сіздерді қазылармен бұл кештің,

Тарландардың бағасын әділ шешіп беретін.

1-жүргізуші: Қазылар алқасы құрамымен таныстыруға рұқсат етіңіздер.

2-жүргізуші:

Арыстандай бабалар жолын қуған,

«Баба жолын — ұлылық» деп ұғындырған.

Сұлтандарға қарасаң елестейді

Айбарлы да айбатты Абылайхан,
- деп құрметті көрермен қауым, бүгінгі сайысқа түсетін жігіттерімізді

таныстыруға рұқсат етіңіздер.

1-жүргізуші:

Бастайық, сынайық біз тарландарын,

Сыныбымыздың сымбатты арландарын.

Таныстыру ретімен бола берсін,
Кезек күтіп, дайындал, қалғандарын! - деп жігіттерді сахнадан қошеметтеп шығарып саламыз

2-жүргізуші:

Өнер қуып жігіттер өтер деймін,
Бір басына өнері жетер деймін.
Бәсекеге түскен алты жігіт,
Таныстырып өздерін өтер деймін, - ендеше сайысымыздың I кезеңі «Таныстырсам өзімді» - деп аталады.

1-жүргізуші:

Асқақтаған ән дайын,
Күмбірлеген күй дайын.
Ал, кәнекей, қырандар!
Босқа қарап тұрмандар!
Бастап жігіт өнерін,
Алыстарға самғандар, - демекші сайысымыздың II кезеңі «Сегіз қырлы бір сырлы» деп аталмақ. Ендеше, жігіттеріміздің өнерін тамашалайық.

2-жүргізуші:

Би болатын жігіттің,
Төбеде болар жұмысы.
Мерген болар жігіттің,
Мергендік болар жұмысы, - дегендей, ендігі кезекті жігіттеріміздің мергендігін сынау мақсатында «Құралайды көзге атқан» яғни асық ату кезеңіне береміз.



1-жүргізуші:

«Еңбек ердің — санаты, білім — елдің қанаты» демекші, жігіттеріміздің өнерлерін, мергендіктерін тамашаладық. Енді ақыл-ой тереңдігін, ой ұшқырлығын сарапқа салатын да кез келген сияқты. Бұл кезеңде жігіттеріміз сұрақтарға жауап береді.

2-жүргізуші:

Ер өнері білінбес,
Қоян қолтық алыспай.

Күш өнері білінбес,

Бәйгеге түсіп жарыспай, - дегендей, сайысымыздың келесі шарты «Күш атасын танымас» деп аталады. Бұл кезеңде жігіттеріміз кір тасын көтереді.

1-жүргізуші:

Жігіттің көркі өнері,

Талап — кісі мұраты.

Өнер қалмақ артында,

Дүниенің өшпес шырағы.

Өнердің қадірін білген, бабалары-

мыздан қалған бұл сөздердің қасиеті бүгінгі күнге дейін жалған емес. Соның айғағы ретінде сайыскерлерімізге берілетін келесі шарт «Шебердің қолы ортақ» деп аталады.

2-жүргізуші:

Қазылар орнықтырар әділдікті,
Қай жігіт білімімен кәміл шықты.
Білім мен тапқырлықтың сайысында,

Жеңіске жетсе деймін нағыз мықты, - деп сөз кезегін әділ қазылар алқасына береміз.

1-жүргізуші:

Тұяқтарың мұқалмасын,

Қанаттарың талмасын.

Жаман адам кез келмесін,

Аяқтардан шалмасын.

Жігер болсын көздерінде,

Қатардан еш қалмандар.

Шат заманда, сүйікті елде,

Биіктерге самғандар!

Арғы атаң - атақты Әбілқайыр

Мақсаты: жастарға өлке тарихын, соның ішінде жоңғарлармен, Ресеймен, Еділ-Жайық үшін ең көп соғысқан Әбілқайыр хан туралы кеңінен таныстыру.

Түрі: интеллектуалды ойын

Әдісі: сұрақ-жауап

Безендірілуі: слайд, кітап көрмесі және виртуалды кітап көрменің көрсетілімі.

Ойынның жүру барысы

Кіші жүз ханы Әбілқайыр ханның күрескерлік қасиетін мынандай бөлімдер арқылы ашуға тырыстық:

I бөлім: «Батыр, ғаламат қолбасшы Әбілқайыр хан»;

II бөлім: «Азаттық таңы жолында»;

III бөлім: «Қазақ тарихындағы тұңғыш Бас қолбасшы».

Жүргізуші: Қазақ елін өмір бойы қызғыштай қорғап, тарихта есімін алтын әріппен жазып кеткен адамның бірі Әбілқайыр болатын. Барлық өмірін Ресей мен Жоңғарға қарсы соғыспен өткізді. 1729 ж. Қазақ әскерінің бас қолбасшысы болып жоңғарларды талқандаған соң, батысқа, яғни еліне асықты. Кіші жүз елі Еділ-Жайық жері үшін отыз жылдан бері соғысып келе жатқан

еді. «Еділді алғаны етектен алғаны, Жайықты алғаны жағадан алғаны» – деген Мөңкеұлы осы Еділ-Жайық тағдырына байланысты. Әбілқайыр хан – осы күресте ірі тарихи тұлға боп тарихта мәңгі қалды. Ресейді қызықтырған Жайық өзенінің байлығы, уылдырығы. Қытай империясы Жоңғар елін жақсы қаруландырып, Қазақстанға айдап салды. Ресей патшасы жоңғарларға аямай көмек беріп отырды. Шындығында, Қазақ мемлекетінің әлсіреуі мен ыдырауына Ресей тарапынан жасалған қастандық әрекетінің есебі жоқ. Олар жоңғарлармен астыртын одақтасып, тығыз байланыста болған. Ресей Қазақстанды жаулап алу үшін казачествоны, яғни бұзақы-казактар отрядын айдап салды. Қазақстанды отарлауға қатысқан Уральское, Оренбургские, Сибирское, Семиреченское, соның ішінде Урал казачье войскасы Кіші жүзбен өмір бойы соғысып, 1919 ж. соңғы әскерін Маңғыстауда Адайлар құртқан екен. Сөйтіп, Кіші жүз түгелдей Ресейге қарсы тұрған болса, дәл соның қызу ортасында Әбілқайырдың бүкіл өмірі өтті. Қазақ тарихында Ресеймен өмір бойы соғысқан жалғыз қазақ

ханы деп Әбілқайыр ханды айтамыз.

I бөлім: «Батыр, ғаламат қолбасшы Әбілқайыр хан»

1-топ «Атамекен»

1. Әбілқайыр хан Шыңғыс ханның нешінші ұрпағы?

2. Әбілқайыр хан қай жылы, қай қалада дүниеге келді?

3. 1748 жылы Әбілқайыр ханның өмірінде қандай жағдай болды?

4. Ағылшын суретшісінің Әбілқайыр ханға, Кіші жүзге сапар шегуі қай ғасырда болды?

5. Ағылшын суретшісі бұл экспедицияға не мақсатта алынды?

2-топ «Елім-ай!»

1. 1718 жылы Әбілқайыр ханның өмірінде ерекше оқиға болды, қандай оқиға еді?

2. «Ол зор тұлғалы, сымбатты, аппақ жүзі қызыл шырайлы, түсі сондай жылы кісі, сонымен қатар зор денсаулық пен қайрат-күш иесі, садақ тартуға келгенде бүкіл ұлтта оған тең келетін кісі жоқ...», – деп жазған адамның есімі?

3. Әбілқайыр ханның бір көргенде ғашық болған, әйгілі сұлу төре қызы, талай аңыздар жырлаған әйелінің есімі кім?

4. Әбілқайыр Кіші жүз ханы болып өз беделімен бе, әлде мұрагерлік жолмен сайланды ма?

5. Әдебиетте Әбілқайыр ханның бейнесін қай жазушы шығармасынан көре аламыз?

II бөлім: «Азаттық таңы жолында»

1-топ «Атамекен»

1. Қазақ хандығы әскерінің бас қолбасшысы болып қандай оқиғаға байланысты сайланды?

2. Кіші жүз жері Еділ мен Жайық елін қорғап, талай ерлік жасап, орыстың казачьи отрядын сан рет талқандаған Әбілқайырды 1709 ж. билер кеңесі Қарақұмға құрылтайға шақырады, ос кезде күтпеген оқиға болды, қандай?

3. Қазақстанды Ресей отарына айналдыруға (1742-1758) еңбек сіңірген, «қазақ елінің басшыларын тек алауыздықта ұстау керек», – деп жоспарлаған, Күшік пен Барақ сұлтандарды ханға қарсы қойған генерал-губернатордың есімі кім?

4. Әбілқайыр хан қалай қаза тапты?

5. Әбілқайыр ханның соңғы өтініші – Барақ сұлтанды жекпе-жекке шығару, Барақ не істеді?

2-топ «Елім-ай!»

1. 1710 жылы Қарақұмдағы халық жиынында түмен басы болып атақты Бөгенбай батыр тағайындалды. Әбілқайырға қандай мәртебе берілді?

2. XVIII ғ. алғашқы жартысында Әз Тәуке ханнан кейін қазақ төрелері арасынан жалпықазаққа хан болуға лайықты Әбілқайыр хан еді, бірақ ынжық, қабілетсіз Болат (Тәукенің ұлы) сайланды. Неге?

3. Болат хан қайтыс болғаннан кейін Әбілқайырды хан етіп сайлады ма?

4. Әбілқайыр 1731 жылы Ресей империясының қарамағына кіргендігі жөнінде ант берді. Хан қандай мақсатты көздеді деп ойлайсыз?

5. Не себепті Ресейден көмек сұрауға мәжбүр болды?

III бөлім: «Қазақ тарихында тұңғыш бастамашы Әбілқайыр хан» (екі топқа әріптер таратылады, берілген сөйлемді толық құрастыру)

«Атамекен» тобына: «Ақтабан жеңген тұңғыш Бас қолбасшы.

«Елім-ай!» тобына: Жоңғарға тұңғыш Бас қолбасшы

Екі топтың ұпайлары есептеледі, ойын қорытындыланады.

Соңы

Қазақ халқы қатты күйзелді. Оның қазақ елін сонша жыл бойы Ресей басқыншыларынан қорғауы, хан сайлануы, жоңғарды да, қалмақты да қаншама рет талқандауы еліне адал болып, қыстау мен жайлауды халыққа теңдей бөлуі, айлакерлігі, шешендігі, батырлығы ескеріліп, қазақтың игі жақсылары көп күн күніренді. Батырлар Шақшақ Жәнібек, Қабанбай, Қазыбек би, Төле би және басқалар Барақты жауапқа тартуды талап етті. Жерленген жері қазіргі Ақтөбе аймағындағы Әйтеке би ауданына қарайды. Оның айналасына молалар пайда болып, «Хан

моласы» деп аталады. Бір кездері қай жерде өлсем сол жерге жерлеңдер» деген өсиеті бар екен, әйтпесе Бопай ханым Түркістанға апарып жерлейтін еді. Қазақ батырларының ішінде жалғыз Әбілқайыр ғана Ресеймен өмір бойы соғысты. Жоңғармен, қалмақтармен ең көп соғысып, қазақ елін қызғыштай қорғаған халық батыры. Барақ сұлтан Әбілқайырды өлтіріп, қазақ еліне қарабет болды. Өзінің Ресейдің итаршысы боп арандап қалғанын кеш білді. 1750 ж. ақпан айында Барақ сұлтан, бүкіл балалары мен немерелері, қасына ерген қаншама үйлі жандар қонақта отырғанда уланып өледі. Күшік, Сырымбет, Барақтың семьяларынан ешкім тірі қалмаған.

Міне, оқушылар бүгін соғыстарда батырлығымен көзге түскен қолбасшы айлакерлігімен, айқас-шайқастарды ұйымдастыра білуімен даңқы шығып, мұрагерлік жолмен емес, өз беделімен Кіші жүздің ханы болған Әбілқайыр хан туралы қызықты деректерге қанық болдық. Осындай тарихи тұлғаларымызды танып-біліп жүрейік. Келесі кездескенше!

**Жаңылсын Есмырзақызы
СУХАНОВА,
«Атырау қалалық
орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі» КММ-не
қарасты №7 қалалық кітапхана
менгерушісі.
Атырау қаласы.**

Ұстаз – ұлы тұлға

Мақсаты: студенттерді адамгершілікке, әдептілікке баулу. Ұстаздар қауымына сый құрметпен қарауына, ұстаз еңбектерін бағалай білуге тәрбиелеу.

1-жүргізуші: Армысыздар, бармысыздар, Қош келдіңіздер, Құрметті де аяулы ұстаздар!

2-жүргізуші: Бүгін бізде үлкен мереке. Бүгін ұстаздар қауымының төл мерекесі. Олай болса бүгінгі күн ұстаздарға арналмақ. Ұстаз – ұлағатты есім. Күн сәулесі өмірге қандай жарық берсе, ұстаз есімі де шәкірттерге күндей жарық береді.

Ақырын жүріп анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, - деп Абай атамыз айтқандай, шәкірттерінің өзінен озғанын қалаған ұстаздар қауымы, мерекелеріңіз құтты болсын!

3-жүргізуші: Денсаулықтарыңыз мықты болсын, шаңырақтарыңыз шаттыққа толсын, біздей шәкірттеріңіз көп болсын!

Бірге: Мерекелеріңіз құтты болсын!

1-жүргізуші: Шәкірттер санасына сәуле шашып, шырақ отын маздатқан ұстаздар қауымына ақ лебіз, жылы тілегін білдіру үшін ортамыз-

ға колледжіміздің директоры Жаңбыров Сұлтан Талпақұлын шақырамыз.

2-жүргізуші: Ұстаздар! Қандай ғажап халықсыздар!

Шәкіртке шындай биік алыпсыздар.

Жан біткен жанарына нұр сыйлаған.

Күндей боп күлімдеген жарықсыздар.

3-жүргізуші: Үшеуміз ұстаздар туралы нақыл сөздер айтып жарысып көрсек қайтеді?

1-жүргізуші: Ал, ендеше баста.

2-жүргізуші: «Ұстаз болу – өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау».

3-жүргізуші: «Ұстазға қарап, шәкірт өседі».

1-жүргізуші: «Аспаз көрген ат таныр, ұстаз көрген хат таныр».

2-жүргізуші: «Ұстазыңды ұлы әкендей сыйла».

3-жүргізуші: «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы».

1-жүргізуші: Үшеуміз «Ұстаз» туралы қанша мақтау сөз айтсақ та тауыса алмаспыз. Ендеше, қымбатты ұстаздар, шәкірттеріңіздің өздеріңізге арналған өлең-шумақтарына кезек берелік.

АРНАУ ҰСТАЗДАРҒА**2-жүргізуші:**

Ұстаз деген — жарық күні ғаламның,

Ұстаз деген — анасы ол адамның,
Бүкіл әлем мойындайды еңбегін,
Сен де одан адам болып жаралдың.

3-жүргізуші:

Ұстазыңды түсінгін сен тереңнен,
Бар әлемге еңбегімен еленген,
Сенің бағың өрге қарай өрлесе,
Ол да бірге қуанышқа кенелген.

1-жүргізуші:

Сол арқылы сен де өмірді жалғаддың,

Ізгі іс қой, ұстаз тілін алғаның,

Мақтау алсаң ұстаздардың алдында,

Ол өзіңнің орындалған арманың.

«Ұстазым менің» әні орындалады.

2-жүргізуші:

Ұстаз сөзін айтып жүрдік ән қылып,

Одан басқа жүрген кім бар жанды ұғып,

Ұстаз деген — ұлылардың ұлысы,
Қасиетіне бас иелік мәңгілік!

3-жүргізуші: Сендер қалай ойлайсындар? Менің ойымша, кез келген мұғалім ұстаз бола алмайды. Себебі, ұстаздық — өнер, тағлымы терең өнер. Ал өнерлі болу кез келген адамға қона бермейді. Олай болса, шын ұстаз болу үшін табиғи дарын ізгілікті ізденіс пен ерен еңбекке ұштастырылуы шарт. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деген сөз тегін айтылмаса керек.



1-жүргізуші: Есболат, мен осы сөзің дәлелді бола түсу үшін мына жыр шумақтарын қосайын.

Ұстаз болу — жүректің батырлығы,
Ұстаз болу — сезімнің ақындығы,
Ұстаз болу — мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның алтындығы,
- деп ақын Ғафу Қайырбеков ағамыз
жырлағандай, біздің колледжімізде
сөзі маржан, үні ән ұстаздардың бар
болғанын мақтаныш етемін. Әрине,
ұстаз жүгі — ауыр жүк. Адамның жан
дүниесін түсініп, ренжітпей, қателі-
гін сездіре білу — бұл нағыз шебер-
лік емес пе?

*«Бастаңғы бақыт бастауы» бii
биленеді.*

2-жүргізуші:

Ендеше, Ұрпақпен өмір жолы
жалғанды.

Көңілді күндер тусын алдан әлі,
Ән — шашу, әсем әуен, түрлі өнер,
Бүгінгі күн сіздерге арналады.

Ұстаздар туралы ән сіздерге арна-
лады, аяулы ұстаздар, қабыл алы-
ңыздар!

*«Бақыт құшағында» әні орындала-
ды.*

3-жүргізуші:

Күллі өмірін жеткіншекке арна-
ған,

Мұғалімді ардақтайды барша жан
Ол колледжден шықпаса да қыс-
жазы,

Жемісі оның жердің жүзін шарла-
ған.

Бала десе ойламайды өз қамын,
Көрсем дейді күнге де қол созға-
нын,

Шәкірттердің өзінен де озғанын.

1-жүргізуші:

Мұғалім — ұстазысың балалар-
дың,

Болашақ ғалымдардың, даналар-
дың.

Өмірде сенің алар орынынды
Бәрі де жеткізе алмас бағалардың.

2-жүргізуші:

Өткізіп өз алдыңнан талай бала,
Бойына құйдың ақыл, ой мен сана
Сарп етіп сан жылдық еңбегінді,
Ақылшы, тәрбиеші болдың аға.

3-жүргізуші:

Атағым Алатаудай болып биік,
Тұрса да төбем өсіп көкке тиіп.
Алдында әрқашанда тағзым етіп,
Тұрамын «Ұстазым!» деп басым-
ды иіп.

1-жүргізуші:

Табан тіреп төзгенсің қанша
ауырға,

Тарап демде кетеді шаршауың да
Бал-бұл жанған балғын жүз, жәу-
дір көздер,

Тұрғанында солардың қоршауын-
да

2-жүргізуші:

Қиындықта кезіксең көп асу да,
Қанша терің төгіліп жол ашуға,
Сен шәкірттің ұстазы болмайсың
тек.

Сен өмірдің ұстазы боласың да!

1-жүргізуші: Құрметті ұстаздар, сіздер салып келе жатқан сара жол — ұстаз жолы — ұлы жол. Өткен жылдарыңызға көз жіберіп, еске ала отырып, өздеріңізге бірнеше сұрақ қоюға рұқсат етіңіздер.

2-жүргізуші: 1-қонаққа сұрақ: Ұстаздық өмірге қалай келдіңіз? Жүрек қалауымен ба, әлде осы мамандықты таңдауға себепші оқиға немесе бір жағдай болды ма?

2-қонаққа сұрақ: «Ұстаз болу жүректің батырлығы» дейді, осы ұстаздық қызметті таңдауда батырлықпен қандай қасиет адам бойынан табылу керек деп ойлайсыз?

Сіздерге көп рахмет, аяулы да мейірбан ұстаздар.

3-жүргізуші: Ұстаз — шәкірт алдында сыйлы адам. Ұстаз жайлы айтылар сыр да, жыр да көп. Ұстаз сенімін ақтау — адамгершіліктің белгісі. Мұғалімнің жүрегі соғып тұруы үшін: жауапкершілік, қажырлылық, білімділік, жүректілік, сүйіспеншілік, сабырлылық керек екен.

1-жүргізуші:

Асыға сәлем жолдап жүректен біз,
Бірге өсіп ен жайлаған ұл менен қыз,

Тәтті күй, асқақ ән мен әсем биді

Сіздерге тарту етіп ұсынамыз, - дей келе алдарыңызда колледжіміздің мың бұралған бишілерін ортаға шақырамыз.

«Хорезм» биі биленеді.

1-жүргізуші:

Жаксы жандар жанымызда әрқашан,

Ұлағатты сөзін биік ұстаған.

Ардақты ұстаз асыл анаң секілді.

Тәрбиелейді балапандай жасыңнан.

2-жүргізуші:

Ұстаз мейірі — Ана мейірі парпар,

Тұла бойға қуат болып таралар

Көп жасандар бұл өмірде шуак боп,

Айналайын білім берген ұстаздар.

3-жүргізуші: Ұстаз мектепте ұстаз болса, отбасында ол — аяулы ана. Ана туралы ән сіздерге арналады, аяулы ұстаз — аналар!

«Ана туралы» ән орындалады.

«Танго» биі биленеді.

2-жүргізуші: «Ұстаз» деген ардақты, киелі, үлкен құрметпен айтылатын сөз, ол әр адамның жастайынан сауатын ашатын, өнеге үйретіп, тәрбие беретін «Білім» атты кемеге отырғызып, болашаққа жол көрсететін, анаңдай әлпештеп, маңдайынан сипайтын адам.

Білдіріп шәкірттердің ақ ниетін,
Ұстаздың алып жүрген атын еркін.

Біз сізге өлеңнен өріп ұсынамыз,
Жүректің алғысы мен рахметін.

«Ұстазым» әні орындалады.

3-жүргізуші: Мерекемізді жалғас-

тырайық. Ендігі кезекті қазақтың мақал-мәтеліне берсек.

Сенің сүйікті мақалың қандай?

1-жүргізуші: Менің ең сүйікті мақалым: Оқу — күрекпен құдық қазғандай/ инемен

Мен шамасы дұрыс айтпадым-ау деймін. Әріптер де, сөздер де бытырап, біртүрлі шашырап кетті ме, қалай?

Ендеше мен сіздерді көмекке шақырайын аяулы да ардақты ұстаздар, біздің айтқан мақал-мәтелдерімді түзетуге көмектесіңіздер.

1. Қына басқа бітеді/ тасқа.

Білім шашқа бітеді/ басқа.

2. Біліп тұрсаң да, сұрама/ сұрап ал.

3. Аз біл, көп сөйле/ Көп біл, аз сөйле.

4. Көрмес — шошқаны да көрмес/ түйені.

5. Өнер алды — ұзын тіл/ қызыл.

6. Жығылып жатып, жығылғанға күлме/ сүрінгенге.

Көмектескендеріңізге көп рахмет!

2-жүргізуші:

Қадіріңді кезінде

Білмеptі ғой ұланың

Қазір әр бір сөзіңе

Елендейді құлағым.

Келесі кезекті «Негізгі мектептің орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы-

ның студенттерінің құттықтауларына береміз.

3-жүргізуші:

Бірдей етіп ұстадың,

Демей бізге бөтенсің.

Кейде ақылын ұстадың,

Сағынады екенсің.

Сол ұстазға жаны нұр,

Демек үлкен адаммын.

Есейсек те бәрі бір.

Баяғы шәкірт, балаңмын, - деп қанша есейіп кетсек те біз сіздерді ешқашан ұмытпаймыз.

«Ұстазым» әні орындалады.

1-жүргізуші: Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған дихан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздар сіздерге арналған колледж студенттері атынан сый құрметтерін қабыл алыңыздар. Сіздерге бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Айгерім ҚАЛДАУЛЕТОВА,
Бейне гуманитарлық-экономикалық
колледжінің математика пәні
оқытушысы.
Бейнеу ауданы,
Маңғыстау облысы.

Киелі киіз үйдің шаңырағы



Айгүл
ҚУАНДЫҚОВА,
Нұртас Ондасынов
атындағы
Түркістан
«Дарын» мектеп-
интернатының
тәрбиешісі.
Түркістан қаласы,
Түркістан облысы.

Сабақтың мақсаты:

а) Оқушыларға киіз үйдің құрылымы туралы мағлұмат беру;

ә) Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту;

б) Халық педагогикасын пайдалана отырып, оқушыларды әдептілікке, достыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Тәрбиелік: Қазақ халқының тарихын, рухани-мәдени байлығын және тұрмысын білу, ізгі құндылықтар мен қасиеттерін тануға баулу.

Көрнекіліктер: плакат, бейнебаян, сурет, сөздік, көрме, қосымша мәліметтер, сөзжұмбақтар, интербелсенді такта.

Мұғалім: Бүгінгі «Киелі киіз үйдің шаңырағы» атты ашық тәрбие сағатымызды бастаймыз.

Халқын сүйген адам, салтын да сүюі тиіс. Әңгімемізді қазақтың қасиетті баспанасы, киелі киіз үй төңірегінен бастағанды жөн көрдік.

Киіз үй — мал баққан көшпелі халықтардың қысы-жазы отыратын

өте қолайлы және төзімді баспанасы. Ол тез құрылып, тез жиналады. Киіз үйдің негізгі қаңқасын — киіз үйдің сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ, есік немесе сықырлауық. Бұлар көлеңкеде кептірілген талдан, жіңішке қайыңнан немесе теректен жасалады.

Киіз үйдің қаңқасы жайлы түсінікті оқушылардың өз аузынан естіік: шаңырақ, кереге, уық, босаға, сықырлауық.

1-оқушы: Киіздің 4 түрі бар: туырлық, үздік, түндік, киіз, есік. Алдымен туырлық киіз үйге кіріп, ұзын баулары арқылы уыққа бекемдеп байлайды. Сонан соң бақанның көмегімен үзік пен түндікті жабады. Үзік керегеге басынан шаңырақ шеңберіне дейінгі аралықты қамтиды. Атауына сай олар үзік-үзік киізден тұрады.

2-оқушы: Киіз үйдің сыртқы әбзелдері күн сәулесін және тамшы өткізбеу, жылу сақтау қызметтерін атқарады. Оларды пісірілген ақ шаңқан киізден пішіп, ою-өрнектермен безендіреді. Пішілген киізді тандап, өрнекті жіппен жиектеу, мақпал немесе шұғадан ою-өрнек бастыру киіз үйге салтанатты сипат береді.

3-оқушы: Киіз үйдің сүйегін бір-бірімен ұстастыру, сыртқы әбзелдерін бастырып тұру мақсатында бау-кұрлар қолданылады: таңғыш,

басарқан, белдеу, шалма, желбау, басқұр, туырлық бау, үзік бау, бақан, шилер, шым, ши.

Мұғалім: Құрылып болған киіз үй туралы өленді тыңдайық.

Көк Орда, Алтын Орда дегендердің өзі — кеңейтілген киіз үйдің көшірмесі іспетті. Ал бүгінгі Астанадағы Ақорда осы түсініктің заңды жалғасы, халықтық мәдениеттің бүгінгі күнге ауысуы.

4-оқушы:

Киелі менің Елордам,
Арудай сұлу таранған.
Береке-бірлік, достықтың,
Тұнығынан нәр алған.
Жайнай бер, жаңа Астанам,
Ертегідей ғажап бас қалам.
Ынтымақтың тербеп бесігін,
Тәуелсіз ел көшін бастаған.
Сәуленді шаш еліңе,
Нұрынды төк жеріңе.
Киелі менің Елордам,
Бақ болып қонған төріме.

Мұғалім: Қазақта төрге қыз бала отырған. Өйтені, қыз — қонақ. Балалардан қалған бір сөз: «Қыз бала — төр иесі, ұл бала — үй иесі». Керегең кең болсын, екі босаға тең болсын! Босаға — екеу. Оң жақ босаға және сол жақ босаға. Сол жақ босағаға кебеже, саба, мес, күбі, т.б. қойылады. Демек сол жақ босаға — әйелдің символы. Қазақ шұңғыл ыдысты да әйелдің символы ретінде бағалайды. «Аяғын көріп асын іш, анасын көріп қызын ал» деген мақалдағы «аяқ» осында мағынасы үшін де мақалға енген.

Ал оң босаға — еркектің символы. Оң жаққа ер-тұрман, ат әбзелдері, бүркіт, т.б. қойылады. «Керегең кең болсын, екі босаға тең болсын!» деген тілектің кейінгі жолдарында әке-шешен аман болсын деген астар жатыр.

(Кебеже, саба, мес, күбі, ер-тұрман, ат әбзелдері, бүркіт, т.б. туралы оқушылар айтады)

Ал енді киіз үйге байланысты жұмбақтарға кезек берейік:

1-оқушы: Ұқсайтын шеңберге,
Қабырғасы жиылып, керіледі,
Жиһазы мол кең бөлме,
Төбесінен жұлдыздар көрінеді.
(Киіз үй)

2-оқушы: Аяғы көк тіреп, таяғы көк тіреп. (Киіз)

3-оқушы: Жүз мүйізі бар, үстінде киізі бар. (Қараша киіз үй)

4-оқушы: Бір басы имек, бір басы үшкір сырық,

Қатар-қатар тұрып, күмбез сынды шеңберді,

Көкке тіктеп көтерді. (Уық)

Мұғалім: Қазан-ошақ — шаңырақты көтергенде бақанның екінші ұшы тиген жерге, яғни үйдің дәл ортасына ошақ орналасады. Ошақ орналасқан соң, қазан асылады. Құт деген түсінікті сарқа құйып алатын символдың басы — осы қазан. Оның бізге жеткен керемет үлгісі — Түркістандағы Тайқазан.

Қазанды татулықтың белгісі ретінде де мансұқтайтын аңыздар бар. Оның бірі: «жауласқан мың батырдың найзасының ұшы ерітіліп, қа-

зан құйылған екен» деп басталады. Олай болса қазанды береке-бірліктің символы ретінде де тануға тиіспіз.

1-оқушы: Ертедегі түсінік бойынша, әлем үш сатыдан тұрады. Аспан — рухтар мекені. Ондағы адамдар белбеуді басынан байласа, жердегілер белінен, ал төмендегілер аяғынан байлайды. Табалдырық сол төмендегі әлеммен байланысқа түсіретін мәнге ие. Мысалы, ертеректе шала-жансар туылып, өліп қалған малдың төлін табалдырықтың астына көметін болған. Түсікті де сөйткен. «Табалдырықты баспа!» дейтін тыйымның шығу себебі, міне, осымен байланысты.

2-оқушы: Шаңырақ көтеру — жас отаудың алғаш рет шаңырағын көтеру қазақ үшін тағы бір қызықты, ерекше сәт. Шаңырақтың дөңгелек шеңберін «тоғын» дейді. Киіз үй табалдырық, маңдайшадан, қос босағадан және есіктерден тұрады. Маңдайшадан биік тұғыр жоқ. Ханда, төре де содан басып өтіп, төрге шығады.

Мұғалім: Қазақ халқында батаның мынандай түрлері бар: Нәрестелі болғанда, жас балаға, бозбалаға, бойжеткенге, келін түскенде, ұзатылған қызға, қоныс тойында, дастархан батасы, жас келінге, жас отауға, сүндет тойға. Қане, кім бата біледі?

1-оқушы: Бозбалаға (Қ. Мырзаліев)

Балам, озық өрен бол,

Қыз көзіндей терең бол.
Азамат бол ардақты,
Мінезің болсын салмақты.
Өнерлі бол жан-жақты,
Өз әкеңнен биік бол.
Өз ұлыңнан төмен бол,
Сынады ма, құлақ сал,
Мақтады ма, керең бол. Әмин!

2-оқушы: Бойжеткенге.
Талдай бойың болсын,
Сұңғыла ойың болсын.
Анаңа қуат бол,
Ағайынға шуақ бол.
Елдің ары бол,
Көркі сәні бол.
Ер-жігіттің сәні бол. Әмин!
«Ақ босаға» әні орындалады.

Осы тақырыбымызға байланысты оқушылардың дайындаған жаңылтпаштарына кезек берейік.

Мұғалім: Болашақ ұрпақ елін, жұртын сүймесе, болашақ та жоқ деген сөз. Сондықтан, жасөспірім балалардың бойында патриоттық сезім, елін, халқын сүйе білуге тәрбиелеуде, қазақ халқының әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, мақал-мәтелдері, тыйым сөздерінің мәні зор. (Оқушылар тыйым сөздер мен мақал-мәтелдер айтылып, мағынасын талдайды)

«Менің елім — Қазақстан» әні орындалады.

Сабақты қорыту: жаңа сабақты қайталай отырып, киіз үйдің суреттерін, көрмеге қойылған киіз үйдің жабдықтарына байланысты сұрақ-жауап арқылы сабақты қорытындылау.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадаға оқушы дайындау



Асем Байгазиевна АБДУАЛИЕВА,
Сарыобалы ауылының «№34 негізгі орта мектебінің»
биология пәні мұғалімі.
Қарқаралы ауданы,
Қарағанды облысы.

Ұлы ақын Абай атамyzдың сөзі еш уақытта құнын жойған емес. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» деген. Ойлау, іздену — табиғаттың адам баласына берген тамаша сыйы. Озық ойлы, қабілетті адамдар елінің, жерінің дамуына үлес қосары сөзсіз. Қабілет барлық адам бойынан табылары сөзсіз. Дегенмен табиғат оны бәріне бірдей етіп бөлмей, біреуге көптеу, біреуге аз дау, ал үшіншілеріне мүлдем жарытпай тарататыны да анық. Қабілет іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті. Кез келген қоғамға қабілетті адамдар қажет және қоғамның басты міндеті оларды анықтап,

қабілеттерін дамыту. Жалпы білім беретін мектептерде дарынды балаларды анықтау үшін шығармашылық орта құру керек. Баланың қабілетін уақытылы танып, көре білу негізі отбасынан басталады. Мектепте ұстаздар сол қабілетті дамытып, қолдау көрсетіп, оны іске асыруға жағдай жасауы тиіс. «Ата-ана», «оқушы», «ұстаз» үштігі бірлескен жағдайда баланың өзіндік шығар-





машылық тұлғасының негізі қалануы тиіс. Оқу үрдісі уақыт талабымен қанша өзгерсе де, тек ұстаз ғана оның мазмұнын оқушы санасына жеткізеді. Шәкіртті оқу үрдісінде мұғаліммен бірдей субъект ретінде танып, дара тұлға ретінде қабылдап, шығармашылық жұмысқа бағыттау, дарынды балалардың қабілеттерінің дамуына қолайлы жағдай туғызу — әр ұстаздың міндеті. Қабілетті оқушы өз қатарластарынан басып озып, оқу материалын меңгеру қарқындылығымен ерекшеленеді. Мұндай оқушылармен жұмыс жүргізу күрделі, әрі қызықты. Оқушы дарындылығын арттыру үшін қазіргі уақытта көптеген жұмыстар жүргізіліп жатыр. Солардың ішін-

де ғылыми пәндер бойынша өткізілетін пәндік олимпиадалардың орны ерекше. Білім жарыстырудың өзіндік ерекшелігі бар бір түрі ол — олимпиада. Пәндік олимпиадалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын тудырумен, шығармашылық қабілеттерін дамытып, білімдерін әділ бағалаудың жолы. Мектеп оқушылары арасында өтетін пәндік олимпиадалардың басты мақсаты — дарынды оқушыларды анықтап, іріктеу, кәсіптік бағдар бере отырып, болашақтағы мамандығын игеруге шақыру. Мұғалім алдымен пәндік олимпиадаға оқушы таңдағанда баланың бойынан сол пәнге деген қызығушылықты, туа біткен қабілетті байқауы керек.



Олимпиадаға дайындағанда нәтижеге қалай жетеміз деген сұраққа жауап іздейтін болсақ, оқушының пәнге қабілетін анықтап, төменгі сыныптан сол пәнге жүйелі түрде, жас ерекшелігіне сай, тапсырманы біртіндеп күрделендіріп отыруы керек. Білімге деген құштарлығы басым шағы 5-6 сыныптар ішінен оқушыны тандап, 7-8 сыныптарда қатыстырып, мол тәжірибе жинау арқылы білім деңгейін толық көрсетуге мүмкіндік алады. Мұғалім үздіксіз дайындау арқылы оқушының пәнді жан-жақты меңгеруіне ықпал жасайды. Оқушының шығармашылық ізденіс арқылы ойлауы, қиялдауы, сана-сезімі өседі, нақты біліммен қаруланады. Ол үшін;

Біріншіден тандаған пәнінің мектеп бағдарламасына сай сұрақтары мен тапсырмалары меңгерілуі тиіс, ол тапсырмалар баланы шығармашылық ойларға жетелеуі қажет. Екіншіден пәндік олимпиадаға сабақтан тыс жұмыстар арқылы дайындау, зертханалық, практикалық жұмыстарды орындап, қорытынды жасап, оның себеп-салдарын түсіндіруге, салыстырулар, талдаулар жасау дағдыларын қалыптастыруға машықтануы тиіс. Үшіншіден өткен олимпиадалық тапсырмалар нәтижесін талдау, өзін-өзі бақылай алу, бағалау дағдыларын меңгеруі, ізденушілік және өз бетінше білім алу әрекеттерін дамыту. Төртіншіден психологиялық ұстанымның

болуы (мен жеңіске жетуім керек ұстанымы) оқушы алдына қойған мақсатына жетуге талпыну, сараптау, дәлелдеу, өз көзқарасын білдіруге үйренуі қажет. Бесіншіден жеңімпаз шәкірттерімізді көпшіліктің алдында жетістіктеріне тоқтала отырып марапаттау керек. (Басқа оқушыларға мотивация болады)

Оқушы жетістігі — мұғалімнің еңбегінің жемісі болып табылады. Мектебімізде негізгі пәндерден биология, география, математика,

қазақ тілі мен әдебиеті, тарих, құқық пәндерінен олимпиадаға жүйелі түрде қатысып тұрады. Осы орайда мектебіміздің оқушыларды пәндік олимпиадаға дайындауда жүргізген жұмыстарының нәтижесі өз жемісін беріп келеді. Оған дәлел кейінгі жылдары оқушыларымыздың аудандық, облыстық олимпиадалардан жүлделі орын иеленіп келе жатқандығы. Алдағы уақытта республикалық олимпиададан жүлделі боламыз деген сенімдеміз.

Көрсеткіштер	2020-2021	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Аудандық	II орын — 2 III орын — 1	II орын — 1 III орын — 3	II орын — 1 III орын — 2	I орын — 1 II орын — 2	I орын — 2 II орын — 2
Облыстық		III орын — 1	III орын — 1	III орын — 1	I орын — 1 II орын — 2
Республикалық онлайн	I орын — 3 II орын — 4 III орын — 4	I орын — 3 II орын — 5 III орын — 3	I орын — 3 II орын — 5 III орын — 4	I орын — 5 II орын — 3 III орын — 4	I орын — 7 II орын — 5 III орын — 3

Қорыта келгенде, білімді ұрпақ — Қазақстанның ертеңі мен болашағы. Ал, жас ұрпақты жан-жақты терең білімді жеке тұлға етіп тәрбиелеу ұстаздардың біліктілігі мен білімділігіне байланысты. Қиындығы мен қызығы мол осынау ұстаздық

еңбек жолында еңбек жасап жүрген ұстаздар қауымына мықты денсаулық, шығармашылық табыстар, абыройын асқақтататын шәкірттері көп болсын деп тілеймін. Шәкірттеріміз әрқашан да жеңімпаз болсын!

Домбыра дастаны

Мақсаты:

Домбыра аспабының құрылысымен, шығу тарихымен таныстыра отырып, домбыраның ән-күй өнеріндегі алатын орнын түсіндіру.

Оқушылардың ән-күй тыңдау арқылы әуендік сезімталдығын арттыру, есте сақтау, қиялдап, ойлау қабілеттерін дамыту.

Өнер иелерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: домбыра суреті, күйшілердің суреттері.

Сабақтың өту барысы:

Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесу. Психологиялық әзірлік.

Әнұран орындалады.

Тәрбиеші: Оқушылар, біздер қандай ән орындадық?

Оқушылар: ҚР Мемлекеттік Әнұранын.

- Жақсы, балалар, Әнұранды білу әрбір азаматтың міндеті, сол себепті біздер әр сабақтың басында әнұранды орындаймыз.

Тәрбие сағаты 3 бөлімнен тұрады:

1. Домбыраның шығу тарихы және сыртқы құрылысымен танысу;

2. Күйші аталармен күй тарихы;

3. Қонақтардың келуі.

Күй ойнайды қазағымның қанында,
Күй ойнайды қазағымның жанында.

Жүрегімнің, жүрегімнің дүрсілі,

Күмбірлеген домбырасы барында, - деп бүгінгі тәрбие сағатымызда домбыраның шығу тарихы, құрылысы оның ән-күй өнеріндегі алатын орны-

на тағы басқа домбыра туралы білімдерімізді ортаға сала отырып, білмегендерімізді үйренеміз.

Жаңа сабақ.

Тақтада қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарының суреттері ілулі тұрады.

Оқушылар, біз бүгін сабағымызда қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптарымен, соның ішінде домбыра аспабымен танысатын боламыз.

Қай ұлт болмасы өзінің ұлттық музыкалық аспаптары болады. Музыкалық аспап белгілі бір ұлттық музыкалық өнерін насихаттаушы құрал болып табылады. Қазақ халқының музыкалық аспаптары сан алуан. Біздің ерте заманда өмір сүрген ата-бабаларымыз аспапты ойлап тауып, қолдан жасап, ойнай білген екен. Халық арасында кеңінен тараған ең танымал аспап, домбыра аспабы. Домбырада әр түрлі музыкалық шығармалар орындалады. Ән-күй, терме, жырау, толғау, тіпті классикалық шығармаларды орындауға болады. Бұрын ел арасында небір әнші, жыршы, күйшілер өмір сүрген. Олар ел аралап, домбырамен тойларда ән салып, халықтың көңілін көтерген. Жауынгершілік соғыс кезінде домбырадан төгілген күй адамға рух берген, еңсесін көтерген. Аты аңызға айналған ержүрек батыр Махамбет те домбырада ән салып, күй тарта білген. Ал ұлы күйшілерден Құрмағазы, Дина, Тәттімбет, т.б. күй өнерінің негізін қалағандар.

Қазіргі кезде домбыраны қолына алып, ән айтып жүрген қандай әншілерді, ақындарды білесіңдер?

Домбыра аспабы, бір сөзбен айтқанда, қазақ халқымен бірге жаралған деп айтуға болады. Қазіргі заманда бұл аспапта ойнауды арнайы оқу орындарында үйретеді. Ал, біздің қалада күй, терме өнеріне үйрететін үйірмелер бар ма?

Домбыраның құрылымы.

Домбыра неше бөліктен тұрады?

Оқушылар жауабы: үш бөліктен тұрады.

Шанағы (кеудесі), мойны және басы;

Домбыраны қарағайдан жасайды. Шерткенде үні таза болу үшін ағашты суға қайнатады. Ішегін ешкінің ішегінен жасайды.

Шанақта дауыс шығаруға арналған ойық, үлкен тиек және ішекті тартып тұратын түйме орналасқан;

Мойын пернелерге бөлінген;

Басында ішекті тартып бұрауға арналған екі құлақ бар. Құлаққа екі ішек тағылады. Құлақ домбыраның күйін келтіруші рөл атқарады.

- Балалар, домбырамен небір қуанышты, қайғылы оқиғаларды жеткізген. Домбыраның шығуы туралы аңызда да бар. Осы аңызды естігендерің бар ма?

Кім айтады?

Оқушылар жауабы:

- Балалар, енді осы домбыра аспабында ойналып, қаралы қайғыны естірткен күй туралы аңызды тыңдаңыздар.

Аңыз күй «Ақсақ құлан»

Ертеде ел билеген Хан өмір сүріпті. Бір күні оның жалғыз баласы әкесінің тілін алмай, құлан аулауға шығады. Құлан аулап жүріп, хан баласы ұзап кеткенін байқамай қалады.

Біршама уақыт өтеді. Жазық далада бір топ құлан жайылып жүр. Хан баласының атқан оғы үйірді бастап жүрген

басшы құланды жаралайды. Жараланып ызаланған құлан аңшыға қарсы шауып келіп, баланы теуіп өлтіреді. Хан бір сұмдықтың болғанын сезіп, баласы туралы жаман хабар әкелген адамның көмейіне қорғасын балқытып кұйдырамын деп уәде береді. Халық не істерін білмей қиналады. Сол кезде елге танымал күйші келіп, домбыраны алады да, бір күйді ойнай жөнеледі. Күйді тыңдап отырғанда, аңшылық көрініс, ашулы құландардың шабысы, хан баласының өлімі көз алдыңыздан өтіп жатады. Хан болған жағдайды түсінеді. Күйші болған жағдайды күй арқылы жеткізеді. Хан берген уәдесінен таймас үшін өзіне қайғылы хабар жеткізген домбыраға қорғасын ерітіп кұйдырады... міне, күй күдіреті деп осыны айт!

Домбыраның шанағындағы ойық осылай пайда болған екен деседі.

- Бейнекөріністен қандай аңызды көрдік?

- Міне бұл ертегіден нені түсіндіңдер?

- Күйші дегеніміз кім?

- Қандай күйлерді білесіндер?

- Міне, балалар, қазақ халқының ұлттық музыкалық аспабы домбыра туралы айтылар аңыз да, шертілер сыр да көп. Біз бүгін сабақта ол туралы біраз мағлұмат алдық.

Енді осы күйді тыңдап көрейік. Күй «Ақсақ құлан» деп аталады.

- Ал, енді, балалар, жұмбақ шешіп көрейік.

Ұзын мойны,

Екі ішек.

Қатар-қатар тепкішек.

Басып көрсен бір-бірлеп,

Үн шығады күмбірлеп.

Боз арғымақ, аузы жоқ,

Мұрны жоқ, екі құлақ.
Белінде белбеуі бар бунақ-бунақ.
«Шу» деп саусақпенен шертіп қалсаң,
Шабады жүйрік әуен тулап-тулап.
Сөзжұмбақ «Домбыра».

Сергіту сәті:

«Кім жылдам?» ойыны ойналады. Үш оқушы тақтаға шығып қағаздан қиылып әзірленген домбыра суретінің қиылған бөлшектерінен домбыраны құрастырады.

Оқушылар тақпақтарын айтады.

1-оқушы:

Үкілі домбырам,
Өзіңмен сырласам.
Ғасырлар дауысы бар,
Үніңді тыңдасам.

2-оқушы:

Даламның мұңындай,
Сен толқып жырласаң.
Тағдырлар алуан
Кім өтті, кім қашан?

3-оқушы:

Домбырам — серігім,
Домбырам — жан досым.
Жанымда әрқашан,
Өзіңмен сырласам.
Өзіңмен мұңдасам,
Үкілі домбырам!

4-оқушы:

Үкілі домбырам,
Өзіңмен мұңдасам.
Елестер жан бабам,
Күйінді тыңдасам.

5-оқушы:

Жаным бір жай табар,
Сен толқып жырласаң.
Таң атып, күн туып,
Бақ қонар күн қашан?!

6-оқушы:

Мақтан етем өмірге,
Дастарханы төрінде,
Ұлттың ұлы туындай,

Әрбір қазақ үйінде.

7-оқушы:

Жан досымдай сүйемін,
Алдына бас иемін.
Ұлы бабам мұрасы,
Киелі домбыра.

Түзету жұмысы.

- Домбыраны жасау да өнер, тарта білу де өнер. Мұның бәрі өнерлі адамның қолынан ғана келер іс.

- Олай болса, осы өнер жайлы қандай мақал-мәтел білеміз. Соны ортаға салайық.

8-оқушы: Өнерлі бала сүйкімді.

9-оқушы: Олақ өзгеге сенсе,
Өнерлі өзіне сенеді.

10-оқушы: Өнерлі өрге жүзеді.

11-оқушы: Өнерлінің қолы алтын.
Өлеңшінің сөзі алтын.

Қонақтардың келуі.**Қорытынды.**

- Ал, құрметті оқушылар, сабағымызды қорыта келіп, бүгінгі естіп-көргеніміз туралы айтайық.

- Домбыра қай халықтың аспабы?

- Домбыра неше бөліетен тұрады?

- Домбыраның құдіреті қандай екен?

Сонымен:

Домбыра жүрегіммен үндес едің,
Өзіңмен сырласымдай тілдесемін.

Бабалардан қалған мұра, сен болма-саң,

Өмірдің не екенін білмес едім, - деп сабағымызды осымен аяқтаймыз.

Толқын Тоқтасынқызы
ОТЫНЧИЕВА,

Талдықорған қаласының облыстық зерде
бұзылыстары бар балаларға арналған
мектеп-интернатының тәрбиешісі.

Талдықорған қаласы,
Жетісу облысы.

Атадан ұлағат – анадан ғибрат

Қазір қоғамда катігездік оқиғалар көбейіп барады. Бұл қоғам дертінің көбеюі отбасынан басталады. Адам баласы отбасында қандай тәрбие алса сол тәрбиенің ізімен өмір сүреді. Кітапхананың міндеттерінің бірі – отбасы құндылықтарын ұлықтайтын шығармаларды насихаттау.

Осыған орай зорлық-зомбылықсыз 16 күн халықаралық акциясы аясында С.Я. Маршак атындағы қалалық балалар кітапханасында «Атадан ұлағат – анадан ғибрат» ой талқысы ұйымдастырылып отбасы құндылықтарын дәріптейтін Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер» естелік эссесі талқыланды. Шараға





кітапхананың тұрақты оқырмандары, серіктес №33 ҚОЖББМ 9-сынып оқырмандары және Ақтөбе өнеркәсіптік технологиялар колледжінің студенттері ұстаздарымен қатысты.

Тәлім-тәрбие мен үлгі-өнегеге толы бұл кітап халықтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы арқылы қазақ келінінің бейнесін көрсеткен, яғни, Зейнепті Зейнеп етіп, ел анасы болуға ықпал еткен — атасы. Кітапхананың тұрақты оқырманы Қалмағанбетова Несібелі апамыз оқырмандарға шығарманы толық әңгімелеп беріп, «бұл шығарма отбасы мүшелерінің арасындағы керемет өнегелі арақатынасты көрсете білген, отбасындағы дәстүрлерді

суреттеген тамаша туынды екенін және қыз балаларының міндетті түрде оқу керек кітабы» болуын айтып қорытты. Оқырман Есқұлова Құралай апамыз да болашақ ата-ана болатын жастарға бала тәрбиесіне аса зор мән беру керектігін айтып, «балдарыңды жақсы тәрбиелесеңдер қоғамымызда жақсы болады» деп түйіндеді. Қатысушы оқырмандар ойталқыдан үлкен әсер алғандарын айтып, өз көзқарастарын білдірді. Өзара пікір алмасып, ой бөлісті.

Раушан ҚАРТБАЙҚЫЗЫ,
№5 Ақтөбе қалалық балалар
кітапханасының кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы.

Қош бол, сүйікті Әліппем!

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушылардың сауат ашу барысында алған білімдерін тиянақтау әр оқушының іс-әрекеттері арқылы икемділігін, шығармашылық мүмкіндігін ашу;

2. Ата-аналарға баланың 4 айда қандай білім игергенін іс-жүзінде көрсету;

3. Адамгершілікке, ұқыптылыққа, кеш барысында өзін-өзі дұрыс ұстауға, ана тілін сүйіп қастерлеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: «Қош бол, сүйікті Әліппем!» сөзі жазылған плакат, шарлар, нақыл сөздер, күн және бұлттар.

Мұғалім: Құрметті ұстаздар, қонақтар! Аяулы да ардақты ата-аналар! Құрметті оқушылар! Бүгін 1-сынып оқушылары өздерінің сүйікті оқулығымен қоштасуы еліміздің тәуелсіздігімен тұспа тұс келіп отыр. Ендеше, бүгінгі кештің куәгерлерін ортаға салтанатты түрде қарсы алайық.

Құрманғазының «Адай» күйі ойналады.

Оқушылар залды айналып сахнаның төріне орналасады.

Міне, бүгін біз барлық ғылымның атасы, біздің болашағымыздың негізі — Әліппені бітіріп отырмыз. Бүгін біз шексіз қуаныштымыз, өйткені алғаш хат танып, сауатымызды ашқан, біздің жақын досымыз. Төрт ай бойы достасқан Әліппемен бүгін қоштасамыз. Олай болса, сүйікті Әліппемізді ренжітпей, рахметімізді айтып, өзімізден кейінгі кішкентай інілеріміз бен сіңлілерімізге табыс ету міндетіміз. Сондықтан қазір осы уақытқа дейінгі алған білімдерімізді көрсетіп, ән-күймен, өлеңдермен, жұмбақтармен, мақал-мәтелдермен өрнектеп, өнерімізді ортаға салайық. Бі-

ліміміздің артып, сөз байлығымыздың молайғанын, санамыздың өскенін көрсетейік.

- Балалар, қарандаршы күннің бетін бұлттар жауып тастапты. Күннің көзі бізге керек пе? Күннің көзі не сыйлайды? (Жылулық, көңіл күй, жарық) Күннің көзі бізге ғана емес, тірі табиғатқа да керек екен. Ендеше күннің көзін ашуға кемектесесіңдер ме? Әр бұлтта әр түрлі тапсырмалар берілген. Тапсырмаларды орындасақ күннің көзін аша аламыз.

1-бұлттың тапсырмасы:

Өздерің достасып үлгерген Әліппеге арналған өлең, тақпақтарыңды айтып беріңдер.

1-оқушы:

Өтті оқу сан сабақ,
Бүгін үлкен салтанат.
Өсті білім бойымыз,
Құтты болсын тойымыз!

2-оқушы:

Сөзіме құлақ салыңыз,
Бір серпіліп қалыңыз.
Әліппеге арналмақ,
Бүгінгі жыр әніміз!

3-оқушы:

Әліппе сауатыңмен санамды аштың,
Достарыммен теңесіп араластым.
Үйреніп, әріптер мен жазуларды,
Күн сайын алға қарай қадам бастым.

4-оқушы:

Әліппе жарты жылдай жолдас болдым,
Ана тілге әкеліп жалғастырдың.
Әр әріпті қостырып, сөзін құрап,
Хат танытып, алғаш сен көзімді аштың.

5-оқушы:

Қош болып тұр, Әліппе, анамдайсың,

Жақсы бол деп, біздерге алаңдайсың.
Мен үйреткен әріптің құдіретімен,
Дейсің бізге кірпіш болып қаланғай-
сың.

6-оқушы:

Дауысты да, дауыссыз,
Әріптерді білеміз.
Тасымалдап жазуды,
Буынға бөліп жүреміз.

7-оқушы:

Желтоқсанға жеткенде,
Әліппені бітеміз.
Ана тілін күрделі,
Оқуды біз күтеміз.

8-оқушы:

Әліппені бітіріп,
Есейіп біз қаламыз,
Ешкімге енді жалынбай,
Кітап оқи аламыз.

9-оқушы:

Әліппемен әндетіп,
Қоштасамыз арнайы.
Бестік баға аламыз,
Қуанып біз қаламыз.

*«Әліппе, әліппе» әні хормен орындала-
ды.*

Бұл тапсырманы өте жақсы орында-
дыңдар. (Күннің көзінен бір бұлт алынады)

2-бұлттың тапсырмасы:

Жақында атап өткен Қазақстан
тәуелсіздігіне 20 жылдығына байланыс-
ты мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Тәуелсіз ел болғанымызға неше жыл толды?
2. Қазақстан рәміздері нелер?
3. Туымыздың, елтаңбаның, әнұран-ның авторлары кімдер?
4. Астана қай өзеннің бойында орналасқан?
5. Біз қандай облысқа жатамыз?

*«Атамекен», «Қазақ жігіттері» әндері
орындалады.*

3-бұлттың тапсырмасы:

- Балалар, мен құстарға жинаған шиемді шашып алдым. Құстарға қыста камқор болуымыз керек, оларға қыста азық тауып жеу өте қиын. Сендер маған шие теруге көмектесесіңдер ме? (Жерге сандар жазылған шиелер қойылады) Сендерге жапырағымен шие беремін. Жапырағында мәні жазылған, шиеде сан жазылған мәні шығатындай екінші шие-ні тауып алыңдар. (Музыка ойналады) Оқушылар шие тереді.

4-бұлттың тапсырмасы:

- Бұл бұлттың тапсырмасы ата-аналарға арналған екен. Ата-аналар, сіздер күннің көзін ашуға көмектесесіздер ме? Ата-аналар екі топқа бөлінеді. Аналар, сіздер де балаларыңызбен Әліппені күнделікті оқыдыңыздар. Қазір соны анықтайтын кез келіп тұрған сияқты. Сіздер әріп таңдап аласыздар, сол әріптен басталатын заттың аттарын жазасыздар. Тапсырманы 2 минутта аяқтау керек.

5-бұлттың тапсырмасы:

Әліппемен бірге қандай өнер үйрен-
діңдер?

*Ортада қыздар тобы «Поппури» биін
билейді.*

*Ұлдар тобы «Жұмыр қылыш» биін би-
лейді.*

- Міне, біз барлық тапсырмаларды орындап күннің көзін аштық. Әрқашан да аспанымыз ашық болсын. Біз өзімізді бақытты елдер қатарына қосамыз. Бақытымыз, тәуелсіздігіміз баянды болсын!

«Қазақ елі» әні хормен орындалады.

Толқын Сейілқызы КАЛЕМБЕКОВА,
№25 орта мектептің бастауыш сынып
мұғалімі.
Семей қаласы,
Абай облысы.



Айсана СЕРЖАН,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернатының
8 «Б» сынып оқушысы.
Подстепное ауылы,
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Менің ғажайып әлемім

Біз өмір сүріп жатқан әлем — сан қырлы ғажайыптарға толы ұлы жаратылыс. Табиғаттың шексіз көріністері, аспанның көкжиегіндегі шұғылалы күн, шексіз мұхиттың тұңғиығы, сан алуан тіршілік иелері — бәрі бір-бірімен үйлесімділікте өмір сүреді. Осы таңғажайып әлемді көріп, түсініп, оны бағалай білу — адамзаттың ұлы қасиеттерінің бірі.

Әрбір таң атқанда аспанның әсем нұры жерге төгіліп, өмірге жаңа үміт сыйлайды. Әр мезгіл — бір-бір тамаша көрініс. Қыстың ақ көрпесімен жабылған даласы, көктемнің бүршік атқан гүлдері, жаздың алтын күн сәулесі, күздің алтын жапырақтары — әрқайсысы қайталанбас сұлулық. Табиғат — адамзатқа берілген ең үлкен сый. Оның әрбір бөлшегі — суы, ауасы, жері — біз үшін өмірдің негізгі тірегі. Ғажайып әлем тек табиғаттан ғана тұрмайды. Адамның ой-өрісі, рухани әлемі де шексіз ғажап. Әлемнің түрлі тылсымдарына қызыға қарап, ғылымды дамытып, өнер туындыларын жасаған адамның таланты да таңғаларлық. Әлемнің шырайын тану үшін бізге жүрек көзі ашық болуы қажет. Күнделікті өмірдің күйбең тіршілігіне алданып, айналамыздағы сұлулықты байқамай қалуымыз мүмкін. Алайда, әр сәтте өмірдің тылсымдарын көре білсек, өзімізді де, өзгені де қуанышқа бөлеуге болады.

Ғажайып әлем — біз үшін сыйланған үлкен мүмкіндік. Сол мүмкіндікті пайдаланып, оны қорғау — ортақ міндет. Дүниенің ғажайыбын бағалап, табиғатпен үндестік табу арқылы біз шынайы бақытқа жетеміз. Өйткені, бұл жаһанда әрбір адам — ерекше, әрбір сәт — қайталанбас, әрбір көрініс — ғажайып!



Айгерім АМАНГЕЛДІ,
Абай атындағы мамандандырылған
Облыстық дарынды балаларға арналған
мектеп-гимназия-интернатының
9 «А» сынып оқушысы.
Подстепное ауылы,
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ

Балалық шақ-адам өміріндегі ең жарқын әрі ерекше кезең. Бұл кезеңде бала өз әлемін таниды, алғашқы қадамдарын жасап, болашаққа негіз қалайды. Алайда, бұл уақыттың шынайы әрі қуанышты болуы үшін балалар зорлық-зомбылықсыз, қауіпсіз және сүйіспеншілікке толы ортада өсуі керек. Өкінішке орай, кейбір балалар бұл қуаныштан айырылып, зорлық-зомбылыққа тап болып жатады. Бұл тек жеке бала үшін емес, бүкіл қоғам үшін ауыр жағдай.

Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ — бұл тек отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Балалар тәрбиесінде ең маңыздысы — сүйіспеншілік пен түсіністік. Отбасындағы балаға көрсетілетін жылы қарым-қатынас мен қолдау оның өзіне және айналасындағы адамдарға деген сенімін арттырады. Ата-ананың қатыгездігі немесе мектептегі буллинг баланың өз-өзіне деген сенімін жойып, оның болашақта тұлға ретінде қалыптасуына үлкен кедергі келтіреді. Мұндай жағдайлар баланы тұйық, қорғансыз етіп, оның қоғамға бейімделуіне ауыр соққы жасайды.

Адамзат тарихындағы ең ізгі құндылықтардың бірі — зорлық-зомбылықсыз өмір сүру. Әрбір бала махаббат пен қамқорлыққа лайық. Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ — бұл тек жеке отбасының таңдауы емес, ұлт болашағының жарқын кепілі. Әрбір баланың өмірін махаббатқа толы етіп қалыптастыру қоғамның әр мүшесінің міндеті.



Назерке БАҚЫТ,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернатының
8 «Б» сынып оқушысы.
Подстепное ауылы,
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Ғажайып әлем

Ғажайып әлем көрінісін сезіну — адам жанына тыныштық пен бақыт сыйлайтын ерекше сезім. Әрбір табиғи көрініс өзінің бірегейлігімен, ерекше сұлулығымен біздің жүрегімізде із қалдырады. Көктемде гүлдер бүршік атып, айнала шуаққа бөленеді, жазда жайқалған ағаштар мен көк аспан, күзде жерді алтын жапырақтар жапқандай болып, қыс айындағы ақ қардың әсем көрінісі мүлде басқа көзбен көруге мүмкіндік береді. Мұның барлығы адамды өз өмірінің мәнін түсінуге, уақытының қадірін ұғынуына жетелейді.

Табиғаттың көздің жауын аларлықтай көріністері адам бойын шаттыққа толтырып, рухани байытады. Олар бізді қазірге мән беріп, өмірдің әр минутынан ләззат алуға үйретеді. Әр көрініс біздің ішкі әлемімізді байытады. Табиғат ғажайыбы өзімізді танып, жан-дүниеміздегі сұлулықты ашуға бағыттайды. Сол үшін де табиғаттың алуан түрлі сәттерін тамашалау — әр адам үшін бір ғанибет, шексіз қуаныштың көзі. Өзгелердің иелене алмаған бақыты, саған берілгені үшін қанағат қылуымыз керек. Құстардың ән салған дыбысы, таудан сарқыраған бұлақ сыңғыры осының барлығы да — сенің жаныңның дауасы.



**Акманар ТАЛҒАТ,
Абай атындағы мамандандырылған
Облыстық дарынды балаларға арналған
мектеп-гимназия-интернатының
9 «А» сынып оқушысы.
Подстепное ауылы,
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.**

Адал адам

Адам неге сенсе, соған қол жеткізе алады. Қандай жағдай болмасын, ойыңызға алған істі жүзеге асырып, шын сенген мақсатыңызға жетуге болады. Сондықтан да, мен де «Адал адам» тақырыбында эссе жазып отырмын. Адал адам — жемқорлыққа қарсы күрестің негізі.

Жастар — қоғамның болашағы, елдің ең басты қозғаушы күші. Бірақ, өкінішке орай, кейде олардың арасында жемқорлық әрекеттерге бейімдік байқалып жатады. Жемқорлық — тек заң бұзушылық ғана емес, ол адалдық, әділдік және адамгершілік қағидаларына қарсы келетін үлкен мәселе. Осы дертті жоюда әрбір жастың адалдық пен әділдік қағидаларын ұстануы маңызды. Тарихта ұлы ойшылдар мен ғұламалар адалдықтың адам өміріндегі маңызын ерекше атап өткен. Солардың бірі — түркі әлемінің рухани жетекшісі, Қожа Ахмет Яссауи ғұламаның «Адамның құны — адалдығымен өлшенеді» деген нақылы адамның шынайы құндылығын сыртқы жетістіктері мен материалдық байлығымен емес, оның адалдыққа негізделген мінез-құлқымен өлшеу керектігін меңзейді. Бұл даналық сөз тек бір дәуірдің емес, бүкіл адамзаттың өмір сүру қағидасына айналуы керек. Өйткені адалдық-қоғамның тұрақтылығы мен үйлесімінің негізі. Яссауи адалдықты адамның жүрегіндегі шынайы сенім мен ниеттің көрінісі деп санайды. Ол былай деп жазады: «Адамның жүрегі таза болса, оның барлық әрекеті адал болады. Жүректегі тазалық — адамгершілік пен адалдықтың бастауы. «Яссауи қоғамдағы адамның орны мен құнын оның шынайы адалдығымен анықтайды. Ол үшін білім, байлық не-

месе билік екінші орында тұрады. Егер адам өз әрекеттерінде адал болмаса, оның басқа жетістіктерінің мәні жоғалады».

Бұл ойдың мәнін қазіргі қоғаммен байланыстырар болсақ, материалдық байлыққа ұмтылу адалдықтың орнын баса алмайтынын байқаймыз.

Адал адам — заңға ғана емес, өз ар-намысына, моральдық құндылықтарына берік адам. Ол қандай жағдайда да пара алуға немесе беруге жол бермейді. Адалдықтың жоқтығы қоғамда жемқорлықтың таралуына себеп болады. Мысалы, білім беру саласындағы жемқорлық — жастардың болашағын бұзатын ауыр мәселе. Университеттерде немесе мектептерде баға қоюда парақорлыққа жол берілсе, білім сапасы төмендеп, шынайы дарындар елеусіз қалады. Әділ тендер немесе жұмыс конкурсының орнына «тамыр-таныстық» арқылы шешімдердің қабылдануы. Біреудің мүлкін заңсыз иемденіп, сотта жеңіл жазамен құтылуы адамгершілік пе?

Алаяқтықпен жасалған келісім-шарттар немесе жалған өнімдерді сату тағы да басқа дәл осындай келеңсіздіктер қоғамда белең алуға. Бұл жағдайда адал адамдар өз еңбегімен жетістікке жете алмай, әділетсіздікке ұшырайды. Жемқорлық адал адамдарды қоғамнан шеттетуге әкеліп, сенімсіздік тудырады. Қоғамдағы теңсіздік артып, әділдіктің құндылығы төмендейді.

Бұл тек жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның дамуын тежейді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 366-бабы пара алу мәселесін айқын қарастырады және оны заңсыз әрекет ретінде қатаң жазалайды. Бірақ заңмен шектелу жеткіліксіз. Жемқорлықты жеңу үшін ең алдымен жастардың санасында адалдық пен тазалық мәдениетін қалыптастыру қажет. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңында әрбір азаматтың жемқорлыққа қарсы күреске үлес қосуы міндеттелген. Осы заң аясында жастарға арналған арнайы жобалар, адалдық сағаттары, парасаттылық мектептері ұйымдастырылып, оларды заңды құрметтеуге, әділетті болуға түрлі мәдени тәрбиелік іс-шаралар өткізілуі керек. Жастардың жемқорлықтан алыс болуы үшін отбасында, мектепте, жоғары оқу орындарында адалдыққа тәрбиелеу өте маңызды.

Әрбір жас өзінің жетістіктеріне әділ еңбекпен қол жеткізгенде ғана нағыз табысқа жетеді. «Адамдар да өсімдік тәрізді, жақсы күтілмесе, жайнап өспейді», - деген Шарль Луи Монтескье. Жасөспірімдер мектепте оқи жүріп, адами қасиеттерді бойымызға сіңіріп, адамгершілік асыл қасиеттерге бейімделуіміз біздерді болашақта елін сүйген адал азамат болуға тәрбиелейді.

Адалдық — жемқорлыққа қарсы ең күшті қару, ал адал адам — сол күрестің тірегі. Ендеше, әрбір жас адалдықты өмірлік ұстанымына айналдырса, қоғамымызда әділеттілік пен тазалық салтанат құрады.

Жемқорлық — қоғамның барлық саласына енетін қауіпті дерт. Ол тек жеке тұлғаларға ғана емес, елдің экономикасына, әлеуметтік тұрақтылығына және моральдық құндылықтарына кері әсер етеді. Қоғамды жемқорлықтан тазарту үшін адалдықты өмірлік қағида етіп, құқықтық және моральдық мәдениетті нығайтуымыз қажет. Жемқорлықты жою — әділетті, тең әрі тұрақты қоғам құрудың ең басты шарты.

Жемқорлықсыз болашақтың негізі — адалдыққа сенген ұрпақ — деп өзіміздің жүрегімізден туындаған өлең жолдарыммен эссемді аяқтаймын.

Адалдық — адамдықтың асыл мәні,
Жүректе сақтай білсең оның сәнін.
Шындыққа жаны жақын, сөзі тура,
Адал жан ақиқаттың ұлы әні.

Өзіне де, өзгеге де әділ болар,
Жалған сөзді жаны сүймес, алыс ұстар.
Байлыққа, мансапқа да мойын бұрмай,
Тек еңбек, тазалықты бойына ұстар.

Сын сағатта сыр бермейтін мықты бекем,
Адал адам қашан да биік екен.
Қоғамдағы қасіретті жою үшін,
Әділ жүрек, ақ пейіл керек екен.

Әр қадамда тазалықты ту еткенде,
Өмір нұрлы болмақ ертеңгі күнде.
Адал адам бар жерде ар тұрады,
Қоғам тыныш, бейбіт күй кешкенде